

МАГИСТРАНТТАРДЫ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ-ШАРТ №100

Шымкент қаласы

«19» 05 2025 ж.

Шымкент университетінің ректоры п.ғ.д., профессор Сейткулов Нурлыбек Ақынулы (бұдан әрі - 1 Тарап) және Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы- Ректордың у.м.а. т.ғ.к., доцент Г.Д.Сугирбаева (бұдан әрі - 2 Тарап) атынан бірлесе Тараптар деп аталатын жоғары оқу орындары: білім және ғылым саласындағы Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыру және болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру мақсатымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде өзара ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік база құру және ғылыми тағылымдамадан өткізу үшін осы келісім шартты жасады.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік база – магистранттарды **7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01711- Шет тілі: екі шет тілі, 7M01101-Педагогика және психология, 7M01501- Математика, 7M01507-Информатика, 7M01502-Биология, 7M01505-Химия** даярлау бағытындағы теория мен практиканы зерттеудегі және ғылыми ұсынымдарды практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын ғылыми тағылымдамадан өтетін орын.

1.2. Екі жақтың **7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01711- Шет тілі: екі шет тілі, 7M01101- Педагогика және психология, 7M01501-Математика, 7M01507-Информатика, 7M01502- Биология, 7M01505-Химия** даярлау бағытындағы магистранттарды 2 Тараптың білім алушыларын ғылыми тағылымдамадан өткізудегі мақсат: ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, болашақ педагогтардың ғылыми әлеуетін жетілдірудің тиімді жүйесін құру.

1.3. Тараптар магистранттардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыруды және жүзеге асыруды өз міндетіне алады.

1.4. Осы келісім шартта екі жақ өзара қарым-қатынасында ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарын, «Еңбек кодексін» және өзге де ҚР нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1.5. Келісім-шарт жасаудың мақсаты - жоғары оқу орындарының магистранттарын (2 Тараптың) бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, ғылыми әлеуеті жоғары педагогтарды даярлау.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:

Осы Келісім-шартты атқару мақсатында Тараптар:

2.1. Магистранттардың ғылыми тағылымдамадан өту кезеңіндегі іс-әрекетінің негізгі бағыттары, келесі Тарапқа баратын білім алушылардың саны жөнінде алдын ала келіседі.

2.1.2. Ғылыми тағылымдама басталуынан екі апта бұрын оқу үдерісіне (академиялық күнтізбеге) сәйкес магистранттардың санын, мерзімін көрсетіп, сонымен қатар келесі Тараптың сұранысы бойынша қосымша акпараттарды ұсынады.

2.1.3. Тараптардың тиісті құрылымдық бөлім басшылары ғылыми тағылымдама барысында келесі Тарапқа қажеттілік жағдайда іс-сапарға барады және магистранттардың орындаған тапсырмаларын есепке алады.

2.1.4. Ғылыми тағылымдаманың мақсатына сәйкес магистранттарды қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.

2.1.5. Ғылыми тағылымдама жетекшілері құрылымдық бөлім басшыларымен бірге тағылымдама басталудан кем дегенде 10 күн бұрын келесі Тарапқа жолданып отырған магистранттардың алдын ала ғылыми-әдіснамалық даярлығын, зерттеу жүргізу әдістемесін үйренуді және келесі Тараптың басқа да этикалық нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді.

2.1.6. Тараптар (өздерінің) магистранттарды өздерінің қойған талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті күнделікпен және құжаттармен қамтамасыз етеді, ғылыми тағылымдама бағдарламасы бойынша тапсырмаларын береді және оларға бақылау жүргізеді.

2.1.7. Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастырудың нәтижесінде Тараптар бірлесе отырып, өздерінің талаптарына сай ортақ қорытынды бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

2.1.8. Профессор-оқытушылар құрамы өздерінің қарамағына жіберілген ғылыми тағылымдамадан өтетін магистранттарға бағдарлама талаптарына сәйкес кеңес береді және жетекшілік етеді.

2.1.9. Тараптардың тиісті құрылымдық басшылары бірлесе отырып ғылыми-зерттеу базасында магистранттарға, қосымша ғылыми ізденіс жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2.2.1. Тараптар ғылыми тағылымдама бағдарламалары және өз кезегінде база ретінде магистранттардың ғылыми-зерттеу жүргізу мерзімі жөнінде келісім жасайды.

2.2.2. Тараптар келісілген мерзім ішінде және жіберілген магистранттарды (жолданған санын) ғылыми тағылымдамадан өтуге қабылдайды.

2.2.3. База басшыларының тарапынан ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізуге жауапты тұлғаны тағайындайды.

2.2.4. Тараптар өз кезегінде база ретінде ғылыми тағылымдама бағдарламасының әрбір бағыты бойынша

магистранттардың (2 Тараптың) тағылымдамадан өтуіне жағдай жасайды.

2.2.5.Тараптардың материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы магистранттардың зерттеулерін ұйымдастыру үшін құралдармен, арнайы жабдықтарды қолдануды, бағдарламаны орындауға қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.

2.2.6.Магистранттарды ғылыми тағылымдама бағдарламасы аясында ғана зерттеу жұмысына қамтиды.

2.2.7.База (1 Тарап пен 2 Тарап) тарапынан тағайындалған жетекшілер магистранттың жетекшілерімен бірге жүйелі түрде және дер кезінде білім алушылардың ғылыми тағылымдама күнделігіне бағдарлама бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы туралы жазбаларды ендіреді, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруын бақылайды, есепке алады.

2.2.8.Магистранттардың ғылыми-зерттеу базасындағы ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалайды, оларды топтарға бөлуді жүзеге асырады.

2.2.9.Ғылыми тағылымдама бағдарламасына сәйкес магистранттардың зерттеу жұмысына қатысуы туралы университетке мәлімет береді.

2.2.10.Ғылыми тағылымдама соңында әрбір магистранттардың жасаған жұмысы туралы мінездеме береді және оның дайындаған есебінің сапасына сәйкес өзіндік баға береді.

3. ЕКІ ЖАҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1.Тараптар өз кезегінде жіберілген магистранттардың ғылыми тағылымдамаға бақылау жүргізеді.

3.1.2.Тараптар ғылыми тағылымдамаға жіберілген магистранттардың, тәжірибелі мамандарын жолдайды.

3.2.Тараптар құқығы

3.2.1.Ғылыми тағылымдама барысында еңбек тәртібін, этикалық нормаларды жағдайда магистранттарға тиісті тәртіппен шаралар қолдану үшін өздері оқитын жоғарғы оқу орындары басшыларына хабарламалар жібереді.

3.2.2.Университетті бітіргеннен кейін бос жұмыс орны болған жағдайда магистрлерді, жоғары оқу орындары қызметке қалдыруға немесе шақыруға ұсыныстар береді.

3.2.3.Ғылыми тағылымдама бағдарламасының вариативті бөліміне сала қызметі, кәсіби стандарттар талаптарына сай өзгерістер ендіру туралы ұсыныстар береді.

3.2.4.Тараптар магистранттармен болған төтенше жағдайлар үшін жауапты.

4. КЕЛІСІМ ШАРТ МЕРЗІМІ

4.1.Қосымша жағдайлар мен Келісім шартқа ендірілетін өзгерістер туралы екі жақ - Тараптар 10 күн алдын хабарлауға міндетті және бұл өзгерістер қосымша Келісім-шарттармен рәсімделеді. Келісім-шартқа қосылған өзгерістер Екі жақ қол қойған сәттен бастап негізгі Келісім- шарттың ресми бөлігі болып табылады.

4.2.Осы Келісім-шарт тараптардың қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді.

Келісім шарттың қолдану мерзімі «19» 05 2025 ж. бастап «14» 05 2030 ж. дейін.

5. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

5.1.Осы Келісім-шарт аясында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалары шеңберінде сот органдары арқылы шешіледі.

5.2.Өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Екі жақ жауапкершіліктен тек өз құзырымен шеше алмайтын жағдайда ғана босатылады.

6. ҚОСЫМША ШАРТТАР

6.1.Келісім шартта ескерілмеген барлық өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын негізге алады.

6.2.Осы Келісім-шартты орындау барысында пайда болған келіспеушіліктер Екі жақтың келісімімен шешіледі.

6.3.Келісім-шарт екі данада әзірленген, әрбір данасы бірдей заңды болып есептеледі.

Шымкент университеті

Қаратау ауданы

Жібек жолы көшесі №6

Индекс: 160031

Тел: 8 (7252)55-58-61

БИК KZKOKZKX

BSN 000540000592

ЖСК KZ82601729100000962

«Қазақстан Халық банкі» АҚ



«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік

Қазақстан педагогикалық университеті»

коммерциялық емес акционерлік қоғамы

160012, Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к., 13

Тел/факс: 8-(7252) 21-40-03

ИИК – KZ898562203139235374

БИК-KCJBKZKX

БИН – 110 740 004 288

АК «Банк Центр Кредит»



Басқарма қорғасы – Ректордың у.м.а.

Г.Д.Сугирбаева

Қолы

М.Ө.

Handwritten signature in blue ink.